

A vibrant, stylized illustration of a woman in traditional Central Asian attire playing a stringed instrument, possibly a dutar, in a lush, colorful landscape. In the background, a group of people are gathered near a domed structure, and the sky is filled with swirling clouds and butterflies.

Тәрбиешілер: М.Сабитханқызы
Г.У.Жунусбаева.

«ЖАДЫРАП, ЖАЙСАҢ АРУЛАР!»

Музыка әуенімен балалар қолдарына гүл ұстап кіреді, билерін жалғастырады. «Аманғали Сыпабековтың; Мама» әнімен. «Орындықтарға жайғасады»

Жүргізуші; Қош келдіңіздер! Аяулы аналар, әжелер, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезіммен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіде келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кездеде орны бөлек. Олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының діңгегі. Бүгінгі «Шағала» ересек тобының «Жадырап жайсаң арулар» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

ӘН «КӨКТЕМ КЕЛДІ»

ЖҮРГІЗУШІ; Ана деген үш әріп,

Асыл тастан жаралған.

Баласы үшін анасы,

Ұйқыдан мың оянған,

Ана есімі ардақты,

Жүректен орын алады,

Ана есімі аталғанда,

Күн сәулесін шашады. Кезекті балалардың ізгі тілектерін өлең шумағымен жеткізсек дейміз.

«Тақпақтар»

Нұрсая: Таусылмайтын өлеңі,

Азамат: Өскенде мен енді,

Нұрасыл: Айтсаң болды тіл алам,

Күнде айтып береді.

Аралаймын әлемді.

Әйбат анам ән анам.

Барған сайын бір жаққа

Сыйлық әкеп анама,

Сені көрсем қуанам,

Кәмпіт алып келеді.

Таң қалдырам бар елді,

Сен керексің қайда да.

Әжем мені өйткені,

Өте жақсы көремін

Өте жақсы көреді.

Өйткені мен анамды

Асия: Үн қатасың бал тілмен

Әмір: Алақаны ақ самал,

Нұрмұхамед: Әже деген көп шығар,

Еркелеймін ән күнмен

Мәпелеген жан ана.

Әжемдей менің жоқ шығар,

Құттықтаймын анашым,

Көкте күнім батса да

Мейірімді ол кісі,

Сегізінші наурызбен.

Өзің күнсің балаңа.

Қандай ғажап күлкісі.

Есік қағылып, Ару Көктем кіреді.

Ару көктем; Мен көңілді көктеммін,

Былтыр келіп кеткенмін,

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал еккенмін,

Гүл боп қырда егілем,

Дән боп жерге себілем,

Жаңбыр болып жауамда,

Нұр боп көктен төгілем.

Шуағын төгіп әлемге,

Жылуын күннің әкелем.

Жүргізуші; Амансыңба Ару көктем! Ұлан байтақ жерімізге қош келдің. Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер! Біздің балалар көктем мезгілін аналар мерекесінен бастап тойлап жатыр. Құлақ түрші бір сәт. Олар бүгін өте қуанышты.

«БИ» ҚАРА ЖОРҒА «Азамат-Жанерке, Рахым- Фердаус, Нұрмұхамед-Айым, Алинұр-Асылым, Ислам-Инкар,

Жантөре-Айзере.

АРУ КӨКТЕМ; ӘП, БӘРЕКЕЛДІ.

Жүргізуші, Ананың әрбір сөзі жылулыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды жібітеді. Сіздерге деген ыстық лебіздерін тек өлең шумақтарымен жеткізеді. Қабыл алыңыздар.

«ТАҚПАҚТАР»

Заңғар; Жарқын жүзді жан анам,

Сендей болсын бар адам,

Сендей болса бар адам,

Шаттық кетпес баладан.

Сафира; Құшағыңа кіргенде

Жылынамын бір демде,

Не жетеді көзіңе,

Мейірімді күннен де,

Сегізінші наурызбен,

Құттықтаймын анашым.

Жомарт; Ақ әжемді әрқашан,

Силап жақсы көремін,

Қуантайын деп оны,

Өлең айтып беремін.

Айзере; Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым.

Тәтті ұйқыңды бөліп талай тіл қаттың,

Өміріме нәрін берді ақ сүтің,

Кең құшағын аясындай гүл бақтың.

Асылым; Ана деген адамзаттың данасы,

Ана- деген сәбилердің панасы,

Ана- деген қайнар ыстық бұлағы,

Ана- деген өмірдегі қамқоры,

Ана- деген сүйенерің жан құрбың.

Әділет; Менің әжем гүл әжем, Рақым; Жүре берсем қасыңда,
Алтын әжем, күн әжем, Әйбат анам, әй анам,
Анам үшін мен үшін, Ботам деген даусыңнан,
Нағыз ана, ол әжем. Айналайын ақ мамам.

АРУ КӨКТЕМ; Менің мезгілімде тек ізгі тілектер айтылады, наурыз айынан басталатын, жылулыққа толы күндер керемет басталуда. Осы айлардың иесі мен Ару көктем қандай бақыттымын.

ЖҮРГІЗУШІ; Рас айтасың Ару көктем, бұл бақытты өзің ғана сезінбей бізгеде шуағыңды шашатын өзіңе алғысымыз шексіз. Көңілің Алатаудың ақ қарындай,

Мейірімің күннің шуақ шақтарындай,
Қалайша аяулы ана тына алармын,
Ән болып сағыныштан ақтарылмай.

«ӘН» Анамның әні.

ЖҮРГІЗУШІ; Аяулыда алтын нұрлы анашым, Айым; Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде мәңгі бірге боласың, Жүрегімде сақтаған,
Сен арқарсың, сен аспансың, биіксің. Анашым деп мақтанам,
Сен дархансың сен жомартсың данасың. Айналайын ақ мамам.

Олжас; Сенен өскен балалар, Ислам; Біз доспыз гүлдермен,
Батырлар мен даналар, Текке оны жұлмаймыз,
Құттықтаймыз мейраммен, Той күні бір бірден,
Құрметті біздің аналар. Анамызға силаймыз.

ЖҮРГІЗУШІ; Ана білем, жылылық бар көктемде,
Жылы жаңбыр себелеп бір төккенде,
Өн бойыңа жылылық боп тарайды,
Әке шешең маңдайыңнан өпкенде.

БИ «ӨЗБЕК БИ» Инкар, Ақару, Сафира, Асия, Нұрсая.

ЖҮРГІЗУШІ; Күнім жаным дегенді, Сұлтан; Теңдесі жоқ данасың, Дидар; Ақ анашым аппағым,
Құлыншағым дегенді, Арқа тұтар панасың, Өзің жайлы тақпағым,
Ботақаным дегенді, Еңбегіңді ақтайын, Өзің жайлы әнімде,
Ойлап тапқан аналар. Аман болшы анашым. Арнадым саған бәрінде.

Инкар; Құрметтейік балалар аналарды,
Бізді өмірге әкелген даналарды,
Себебі ана деген асыл жан ғой,
Ойлау менен істелік әр қадамды,
Аналар, мейрамдарың құтты болсын!

Жантөре; Баурап алар бірақ ауыз сәлемі,
Қазақ қызы әдептіде әдемі,
Қазақ қызы ақылына көркі сай,
Тұнып тұрған сұлулықтың әлемі.
Құрметті қыздар мерекелеріңіз құтты болсын!

Ернұр; Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз,
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Ерсайын; Үн қатасың бал тілмен,
Еркелеймін күнде мен,
Құттықтаймын анашым,
Сегізінші наурызбен!

Ақару; Әлпештеген, аялаған,
Ақ сүт берген апатайым.
Тақпақ айтып бүгін саған,
Мейрамыңмен құттықтаймын.

АРУ КӨКТЕМ; -Жарайсыңдар, балақайлар.

ЖҮРГІЗУШ; Мерекеге арналады бүгін билер,

Көтерілсін қанекей , көңіл күйлер.

Алдарыңызда қазір ұлдар биі,

Қол соғып демеу берер көрермендер.

БИ «ҰЛ ҚЫЗДАРМЕН» Заңғар, Ернұр, Әділет, Дидар, Әмір, Ерсайын, Нұрасыл, Жомарт, Олжас, Сұлтан.

Инкар, Жанерке.

ЖҮРГІЗУШІ; Аппақ сүтін емізген,
Мейірі терең теңізден,
Таппаспын ана, өзіңдей,
Ақ еділ жанды өмірден.

Алинур; Еркелеймін шаттанам,
Жарқын күлкің бақ маған,
Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші, келші ақ мамам.

Фердаус; Бал бөбегін баптаған,
Мамам үшін мақтанам,
Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші, келші ақ мамам.

Жанерке; Анамды мен жақсы көрем,
Айтқан тілін алып жүрем,
Қасымда анам жүргенде,
Шаттанып ойнап күлемін.

Жүргізуші; Аналар шалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарына,
Бүгінгі кешімізді аяқтайық,

Гүл бітсін барлығының қадамына –дей отырып, отбастарыңызға
амандық, шаттық, мереке-береке тілейміз!